

Глинозем және болат құбырларының экспортына кеден бажы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 31 тамыз N 975. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Әлемдік рынокта отандық өнімдердің бәсекелестік қабілетін арттыру, металлургия және қалайы өнеркәсібі өнімдерін сату рыногын кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Құбырларға /ТН ВЭД - 7305, 7306 коды бойынша/ экспорттық кеден бажының ставкасы кедендік құнының 3 проценті мөлшерінде белгіленсін.
2. Қалайы оксидіне /глинозем/ ТН ВЭД - 2818 коды бойынша экспорттық кеден бажы салынбайтын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі